Air Astana

Ел:	Қазақстан
Жоба нөмірі:	53723
Бизнес секторы:	Көлік
Жекеменшік түрі:	Жеке
Экологиялық санаты:	B
Бекітілетін күні:	10 қаңтар 2024 ж.
Мәртебесі:	Қол қойылған
Жобаның қысқаша мазмұны (PSD) ағылшын тілінде жарияланған күні:	14.02.2024

Жобаның сипаттамасы

Қазақстанда тіркелген «Эйр Астана» акционерлік қоғамының («Компания») ғаламдық депозитарлық қолхаттарына үлестік инвестиция. Бұл инвестиция Компанияның 2024 жылдың 9 ақпанында өткен қоғам акцияларын бастапқы орналастыру («IPO») аясында жүзеге асырылды.

Жобаның мақсаттары

Қоғам акцияларын бастапқы орналастыру нәтижесінде алынған қаражат (i) компанияның ұшақтар паркін кеңейту және жаңарту бағдарламасын; (ii) жөндеу кешенінің құрылысын; және (III) ұшу тренажерін сатып алуды қаржыландыруға жұмсалады («Жоба»).

Өтпелі кезеңге әсері

ETI 85

Өтпелі кезеңнің әсері «бәсекеге қабілетті» және «интеграцияланған» қасиеттерге байланысты болады деп күтілуде.

Негізгі сапа – «бәсекеге қаблетті»: «Эйр Астана» акционерлік қоғамының IPO-сы Қазақстанның жекешелендіру бағдарламасының басым тізімінде болды. Жобаға сәйкес мемлекеттің Компаниядағы үлесін 51 пайыздан бақылаусыз пакетке дейін қысқарту көзделген.

Екінші сапа – «интеграцияланған»: «Эйр Астана» авиакомпаниясы және оның қызметі ішкі,

өңірлік және халықаралық қатынастарды қамтамасыз ету үшін маңызды. Жоба барысында тартылған қаражаттар компанияның флотын кеңейту және жаңарту бағдарламасына көмектеседі деп күтілуде. Жоба 20 пайызға дейін үнемдірек болатын жаңа буын ұшақтарын сатып алуды қолдайды.

Клиент туралы ақпарат

«Эйр Астана» АҚ

«Эйр Астана» АҚ – Қазақстанның ең ірі әуе тасымалдаушысы және Орталық Азияның жетекші авиакомпаниясы.

2022 жылы компанияның кірісі 1,03 миллиард АҚШ долларын (979,8 миллион еуроны) құрады, ал EBITDA көрсеткіші 288,2 миллион АҚШ долларын (273,5 миллион еуроны) құрады. 2023 жылдың қыркүйегінде аяқталатын 12 айда компанияның кірісі мен EBITDA көрсеткіші 1,2 миллиард АҚШ долларын (1,1 миллиард еуроны) және 320,0 миллион АҚШ долларын (295,4 миллион еуроны) құрады.

ЕҚДБ қаржылық ақпараты

41 990 000,00 АҚШ доллары

Қазақстанда тіркелген «Эйр Астана» акционерлік қоғамының ғаламдық депозитарлық қолхаттарына 41,99 миллион АҚШ доллары шамасындағы үлестік инвестиция.

Жобаның жалпы құны

370 000 000,00 АҚШ доллары

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша анықтама

В санаты (2019 жылға Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)) және төмен-орташа деңгейіндегі риск. Жоба капитал нарығына қатысты болғандықтан, тәуелсіз экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеруді («ESDD») жүргізу кезінде тек жалпыға қолжетімді ақпарат (Компанияның 2022 жылғы жылдық есебі) және эмиссияның проспектісінің жобасы пайдаланылды. Жалпы алғанда, жаңа акцияларды сатудан алынған қаражат ұшақтар паркін 2023 жылдың қараша айындағы 49 ұшақтан 2028 жылдың аяғында 80 ұшаққа дейін кеңейтуді, техникалық қызмет көрсету орталығын салуды және толыққанды ұшу тренажерін сатып алуды қаржыландыруға арналған.

Қолжетімді құжаттардың негізінде, Компания үздік тәжірибелер мен халықаралық стандарттарға негізделген 2023-2032 жылдарға арналған интеграцияланған ESG-стратегиясын әзірлеуге кірісті және оны 2023 жылдың ақпанында бекітті. Жаңа ESG стратегиясы Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі мақсатына сәйкес келетін 2023-2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын қамтиды.

ESDD кешенді тексеруі Компанияның Банктің ЭӘС-ында келтірілген өнімділікке және іске асыруға қойылатын талаптарды қанағаттандыру мүмкіндіктерін талдап, Компания ұлттық нормативтік актілерде бекітілген еңбек құқықтары мен денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі стандарттарына, сондай-ақ халықаралық талаптарға айтарлықтай дәрежеде сәйкес келеді

деген қорытындыға келді. Компания мынадай саясаттар мен стандарттарды қабылдаған (немесе сәйкес келеді): Денсаулық сақтау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саясаты; ISO 45001:2018; ICAO-ның 19-қосымшасы және Doc 9859; EASA-ның TCO бөлімі, және 145/147 бөлімі; CAMO бөлімі; IOSA ISARPS; Авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтау саясаты, Группаның стратегиясы; Корпоративтік мақсаттар мен құндылықтар; Қызмет көрсету шарттары; Этика кодексі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат; Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу саясаты; Сатып алу және жабдықтау департаменті туралы ережелер; Қызметкерлердің жұмыс істеу елдерінің Еңбек кодекстері; Кәсіподақтар мен ұжымдық шарттар; IATA стандарттары; EASA ережелері; Ұлттық стандарттар; ICAO ережелері; Incoterms 2020; IATA қауіпті жүктерді тасымалдау ережелері; Жүктерді сақтандыру ережелері; Еуразиялық экономикалық одақ шарттары; Кедендік ресімдеу рәсімдері.

Соңғы жылдық есепке сәйкес, Компания сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді жоспарын жүзеге асырады.

Ұшақ паркін кеңейту мен пайдалануға байланысты негізгі қоршаған ортаға әсерлер мен рисктер еңбек қатынастары мен еңбек жағдайларын, жеткізу тізбегі мен мердігерлерді басқаруды, еңбек пен денсаулық қорғауды, ауа сапасына әсер ететін газдардың денгейін, климаттың өзгеруіне әсер ететін парниктік газдар деңгейін, қауіпсіздік шараларын және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл әрекеттерін қамтиды.

Техникалық ынтымақтастық

Жоқ.

Іске асыру туралы анықтама

Қол жетімді емес.

Толықтыру

Банктің инвестициялары "қаржыландыру алшақтығын жабу" үшін қажет болды. ЕҚДБ қатысу мөлшері нарықтық қызығушылық деңгейіне байланысты сәйкестендірілді.

Компанияның байланыс ақпараты

Қазына Департаменті
treasury@airastana.com
www.airastana.com

050039, Алматы қаласы, Закарпатская көшесі, 4А

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді

Жобаларға қатысу мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуға қатысу туралы компанияға – клиентке хабарласуыңызды сұраймыз.

ЕҚДБ-мен ынтымақтастық жөнінде (сатып алуға қатысы жоқ) мына байланыс деректері бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:

Тел.: +44 20 7338 7168

Эл. пошта: projectenquiries@ebrd.com

Мемлекеттік сектордағы жобаларды: EBRD Procurement қараңыз, тел.: +44 20 7338 6794

Эл. пошта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтамалар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдалана отырып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және оған байланысты жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT).

ЕҚДБ «экологиялық жауапты және орнықты дамуды» ілгерілетуге өзінің ұмтылысын іске асыратын рәсімді айқындайды. ЭӘС және IAT-да клиенттерге ақпараттандыру және жұртшылықпен консультациялар жөніндегі ұлттық заңнаманың тиісті нормаларын орындау бойынша, сондай-ақ мүдделі тараптардың, әсіресе клиент пен жобаның экологиялық-әлеуметтік қызметіне қатысты алаңдаушылықтары мен шағымдарын қарауға және қанағаттандыруға ықпал ету үшін шағымдарды беру және қарау тетігін белгілеу бойынша нақты талаптар қамтылған.

Қажет болған жағдайда ЕҚДБ экологиялық-әлеуметтік тәуекелдердің сипаты мен ауқымына және жобаның әсеріне қарай өз клиенттерінен жобалардың тәуекелдері мен әсері туралы ақпаратты ашуды, сондай-ақ пікірлер алу және олар бойынша жауап шараларын қабылдау мақсатында мүдделі тараптармен егжей-тегжейлі консультациялар жүргізуді қосымша талап етеді.

ЕҚДБ тәжірибесі бойынша осы саладағы қосымша ақпарат ЭӘС-де бар.

Іскерлік адалдық және белгіленген нормаларды сақтау

ЕҚДБ комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) жауапты басқаруға ықпал етеді және Банк қызметінің барлық аспектілері іскерлік адалдықтың ең жоғары стандарттарына жауап беруін және озық халықаралық практикаға сәйкес келуін қадағалайды. Іскерлік адалдықты тексеру Банктің барлық клиенттеріне қатысты қызметті жосықсыз жүргізуге байланысты қолайсыз тәуекелдерді, сондай-ақ ЕҚДБ үшін бедел тәуекелдерін болдырмау үшін жүргізіледі. Банк жобаларды алдын ала бағалау және мақұлдау сатысында проблемалық аспектілерді анықтау және алып тастау Банк мәмілелерінің бедел тазалығын қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді құралы болып табылады деп пайымдайды. Комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) осы профилактикалық іс-шараларда негізгі рөл атқарады, сондай-ақ инвестициялаудан кейінгі кезеңде банктің іскерлік беделі үшін тәуекелдердің мониторингін жүзеге асыруға көмектеседі.

Сондай-ақ КББ ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар шеңберінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және лауазымдық теріс қылықтар жасау фактілері туралы ақпаратты тексеруге жауапты. Егер Банк ішінде немесе одан тыс жерлерде кімде-кімнің алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері жасалғаны туралы күдігі болса, ол олар туралы compliance@ebrd.com электрондық пошта мекенжайына хабарлама жібере отырып, ол туралы комплаенс-бақылау басқармасының бастығына жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Барлық хабарланған фактілерді КББ олар бойынша тиісті шаралар қабылдау тұрғысынан қарайтын болады. Жөнелтушінің аты-жөні көрсетілмеген

хабарламаларды қоса алғанда, барлық хабарламалар бойынша тексерулер жүргізілетін болады. Бұл хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары елінің кез келген тілінде жасалуы мүмкін. Мұндай ақпарат жақсы ниетпен хабарлануы керек.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз органы (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуде.

Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа қолжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтын орындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді. IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.